

2022 жылғы өнеркәсіп

Хабарлама датасы: 2023ж. 03 шілде
Келесі хабарламаның датасы: – 2024ж. 03 шілде

- Негізгі сәттер
- Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
- Глоссарий
- Әдістеме
- Қатысты жарияланымдарға сілтемелер
- Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

Қазақстанда 2022 жылы өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 101,2% -ды құрады.

Өндірістің есіі өңдеу өнеркәсібінде 3,6%, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сүмен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 0,4% байқалады.


Өнімдер арасында едәүір есү Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстарында және Алматы қаласында белгіленді.

2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2022 жылы өнеркәсіп өнімдері 48777 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында 24926 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 51,1%), өңдеуде 21162 млрд. теңгеге (43,4%).

2022 жылғы қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

өткен жылға пайызben



Серпінді кестелер:

[Экономикалық қызметтер түрлері бойынша өнеркәсіп өнімдері нақты көлемінің индекстері \(1990-2022жж\)](#)

[Өнірлер бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері \(1990-2022жж\)](#)

[Экономикалық қызметтер түрлері бойынша қолданыстағы бағадағы өнім \(тауарлар, қызметтер\) көлемі \(1990-2022жж\)](#)

[Өнірлер бөлінісдегі экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістердің көлемі \(1990-2022жж\)](#)

[Құндық көріністегі резиденттерге жөнелтілген өнеркәсіп өнім \(2017-2022жж\)](#)

[Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп өнімдерін өндіру \(1990-2022жж\)](#)

[Қазақстан Республикасындағы экологиялық таза өнім өндірісі \(2013-2022жж\)](#)

Өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері

	Өнім көлемі, млн. теңге	Өнеркәсіптік өндірістің индексі, 2022 жыл 2021 жылға %-бен
Қазақстан Республикасы	48 777 089	101,2
Абай	1 225 894	110,1
Ақмола	1 515 044	113,8
Ақтөбе	2 827 313	101,2
Алматы	1 651 714	109,1
Атырау	13 341 732	98,3
Батыс Қазақстан	3 924 946	99,5
Жамбыл	881 373	110,5
Жетісу	297 398	101,6
Қарағанды	3 865 350	98,1
Қостанай	2 470 019	96,0
Қызылорда	977 985	98,4
Манғыстау	3 182 645	101,9
Павлодар	3 230 474	99,8
Солтүстік Қазақстан	519 686	104,6
Түркістан	907 944	93,1
Ұлытау	1 036 540	103,5
Шығыс Қазақстан	2 217 699	102,3
Астана қаласы	1 972 355	103,3
Алматы қаласы	1 763 728	109,1
Шымкент қаласы	967 251	106,1

2022 жылы шикі мұнайды (98,1%), табиғи газды (98,9%), темір кендерді (79,6%) және өзге де пайдалы қазбаларды (96,2%) өндірудің тәмендеуіне байланысты тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлердің қазуда ӨӨИ 99,1% құрады.

Өндіреу өнеркәсібінде өндіріс 3,6%-ға өсті. Тамақ өнімдер өндіру (106,4%), сусындар (111%), темекі өнімдері (108,9%), мұнайдың өнделген өнімдері (101,8%), химия өнеркәсібінің өнімдері (113,6%), резенке және пластмасса бүйімдар (104,8%), өзге де бейметалл минералдық өнімдер (102,7%), негізгі асыл және тұсті металдар (106,9%), дайын металл бүйімдары (103,6%), машина жасау (110,8%) өнімдерінің өндірісі өсті.


Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сүмен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда негізінен электр энергиясын өндіру, беру және тарату өндірісі көлемінің 1,3%-ға жоғарлауы есебінен ӨӨИ 100,4%-ды құрады.

Сүмен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өндіреу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2022 жылы ӨӨИ 95,8%-ды құрады. Суды жинау, өндіреу және тарату көлемдері – 1,9%, қалдықтарды жинау, өндіреу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру) 7% тәмендеді.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 13 өнірінде тіркелді, тәмендеу Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Түркістан облыстарында белгіленді.

2022 жылғы өнірлер бөлінісіндегі өнеркәсіптік өндіріс индекстері

өткен жылға пайызбен, өсу +, төмендеу –



Электронды кестелер:

[2022 жылғы қызмет турларі бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі және индекстері](#)

[2022 жылғы өнірлер бөлінісінде тұтастай өнеркәсіп бойынша өнімдердің \(тауарлар, қызметтер\) көлемі](#)

[2022 жылғы өнеркәсіптік өнімдердің заттай көріністегі өндірісі](#)

3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыш тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бүйімдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмысалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпы мемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексін есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Иріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Негұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексін есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды турлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»

Статистикалық бюллетені «Қазақстан Республикасында өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген турлерінің ресурстары мен пайдалану»

6. Пайдалы сілтемелер

Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) өндіру және жөнелту туралы есебі» (индекс 1-П, жылдық)

Статистикалық нысан «Дара кәсіпкердің өнеркәсіп өнімін (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) өндіру туралы есебі» (индекс 01-ИП (пром), (жылдық)

Статистикалық нысан «Өндірістік қуаттар теңгерімі» (индекс БМ, (жылдық)

«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/www.taldau.stat.gov.kz/Негізгі/Статистика бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы

Сапа бойынша есеп

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры Ә. Шауенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749774 E-mail: sy.tileubergen@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	--	--	--